

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ

ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ
СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ
УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА

THE FINANCIAL SYSTEM IN
THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN

АСТАНА
ASTANA
2024

*Посвящается юбилею - 80-летию
Искаковой Загиры Дуйсембаевны*



***ИСКАКОВА ЗАГИРА ДУЙСЕМБАЕВНА
ISKAKOVA ZAGIRA DUYSEMBAYEVNA***

***ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР
ДОКТОР ЭКОНОМИЧЕСКИХ НАУК, ПРОФЕССОР
DOCTOR OF ECONOMIC SCIENCES, PROFESSOR***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА
THE MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ»
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИ-
ВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»**

**COLLECTION OF REPORTS
of the International scientific and practical conference
«THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL
OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN»**

АСТАНА, 2024
ASTANA, 2024

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)
Қ 18

Редакциялық алқа:

Мақыш С.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры

Жағыпарова А.О. - Экономика факультетінің деканы

Ажмухамедова А.А. - Экономика факультеті деканының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

Мажитов Д.М. - «Қаржы» кафедрасының профессоры

Бұлақбай Ж.М. - «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі

Майдырова А.Б. - «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі

Сембиева Л.М. - «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі

Аманова Г.Д. - «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі

Мухияева Д.М. - «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Искаков Б.М. - «Тұран-Астана» университетінің «Іскерлік басқару» кафедрасының профессоры

Қ 18 «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы= Международная научно-практическая конференция «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА»= International scientific and practical conference «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» – Астана: ИП «Булатов А.Ж.» – 572 б.(с.) - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-934-0

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІН ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер жүргізген өзекті және проблемалық мәселелерді қамтитын авторлық зерттеулері берілген. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сонымен қатар қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырман қауымға арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, на тему «ФИНАНСОВАЯ СИСТЕМА В УСЛОВИЯХ СОЗДАНИЯ МОДЕЛИ УСТОЙЧИВОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials of the international scientific and practical conference on the topic «THE FINANCIAL SYSTEM IN THE CONTEXT OF CREATING A MODEL OF SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN» presents the results of original research on topical and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master degree students and undergraduates. The publication is intended for undergraduates, master and doctoral students, as well as for a wide range of readers studying current problems of modern science.

УДК 336 (574)
ББК 65.261 (5Каз)

ISBN 978-601-337-934-0

© Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті, 2024
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2024
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2024

бағдарламалардың қорытындыларын талқылау және оларды бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялау;

- Бюджеттік жоспарлау және Мемлекеттік бағдарламалар туралы жалпы ақпаратты мектептің оқу бағдарламасына, техникумдарда, колледждерде, жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларына енгізу;
- Телебағдарламаларды қалыптастыру: жауапты орындаушылар басшыларының, бірлесіп орындаушылардың, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына қатысушылардың, сараптамалық қоғамдастық өкілдерінің тұрақты негізде сөз сөйлеуін ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының TV арналары арқылы Қазақстан Республикасының бекітілген мемлекеттік бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларының жауапты орындаушылары басшыларының есеп беруін қарастыру.

Қорытындылай келе, мемлекеттік бағдарламаларының тиімділігін бағалау үшін бюджеттік бағдарламаның нәтижелі көрсеткіштері пайдаланылады, олар бюджеттік бағдарламаның орындалу нәтижесін анықтайтын, оның іске асырылу барысын, қойылған мақсатқа қол жеткізу дәрежесін және міндеттерін орындауды сипаттайтын сандық және сапалық индикаторларды қамтиды. Нәтижелі көрсеткіштер ресми мемлекеттік статистикалық, қаржылық және басқа да есептілікке, бухгалтерлік, статистикалық және басқарушылық есеп деректеріне негізделеді. Мақалада бюджеттік бағдарламалардың тиімділігіне мониторинг жүргізу және бағалау үшін бағдарламаны нақты қаржыландыру және көрсеткіштерді орындау туралы деректерді қысқаша және түсінікті түрде көрсетуге мүмкіндік беретін форматты әзірлеу қажеттігі айқындалды. Мониторингтің тиімділігін арттырудың бірінші қадамы бағдарламаны іске асыру нәтижелерінің нақты көрінісін беретін деректерді жинау және талдау әдістемесін жетілдіру.

Жақсартудың қосымша аспектісі – заманауи ақпараттық технологияларды, оның ішінде цифрлық платформалар мен аналитикалық құралдарды белсенді пайдалану. Бұл өзгермелі жағдайларға сәйкес оперативті бақылауды және стратегияларды тезірек түзетуді жеңілдетеді.

Мониторинг жүйесін жетілдірудің маңызды элементі әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылық қоғамдастықтың өзара іс-қимылын күшейту болып табылады. Тиімділікті мерзімді бағалау белгілі бір бюджеттік бағдарламаны сандық бағалауға ғана емес, сонымен қатар оны жүзеге асыру барысында туындайтын қиындықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу ережесі туралы Үкімет қаулысы [электрондық ресурс] - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P030000065_
2. Қазақстан Республикасының республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі [электрондық ресурс] - <http://surl.li/omuyl>
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы [электрондық ресурс] - <https://stat.gov.kz/>

ӘОЖ 338.2 (574.24)

АЙМАҚТЫҚ БИЗНЕСТІ ЦИФРЛЫҚ ДАМУ ТҮРІНДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКГІН АРТТЫРУ

Габдрахимова Бакытжамал Амирхановна,

Жақупов Әлішер Қанатұлы

«Мемлекеттік басқару» БББ 1 курс магистранты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: maral.nabieva@bk.ru

Ғылыми жетекшісі :Набиева Марал Туракановна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Менеджмент» кафедрасының доцент міндетін атқарушы, PhD

Түйін сөздер: стратегия, бизнес, цифрлық даму, аймақтық экономика, қаржы, инвестиция, инновация, банк, прогресс, депозит, динамика, талдау, аналитикалық көрсеткіштер, ақша қаражаттары

Аңдатпа: Зерттеу жұмысының мақсаты ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етудегі, шағын және орта бизнестің маңыздылығын анықтау. Зерттеу жұмыста шағын кәсіпкерліктің маңыздылығына және соңғы 3 жылдағы деректердің ұлттық экономикадағы, ТМД мемлекеттеріндегі негізгі көрсеткіштерінің өзгеру динамикасына көп көңіл бөлінеді. Өзгерісті сандық тұрғыда бағалау үшін аналитикалық көрсеткіштер – ауытқу және өсіңкілік көрсеткіштері пайдаланылды. Салыстыру мақсатында әр жылдағы деректерді пайдаланып графикалық түрде бейнелеу пайдаланылды және әр кестеден соң талдау жүргізілді.

Ключевые слова: стратегия, бизнес, цифровое развитие, региональная экономика, финансы, инвестиции, инновации, банк, прогресс, депозит, динамика, анализ, аналитические показатели, деньги

Аннотация: Целью исследования является , определить значение малого и среднего бизнеса в обеспечении устойчивого развития национальной экономики. В исследовательской работе большое внимание уделено значению малого бизнеса и динамике изменения основных показателей национальной экономики и стран СНГ за последние 3 года. Аналитические показатели – показатели отклонения и роста использовались для количественной оценки изменения. В целях сравнения использовалось графическое представление с использованием данных за каждый год, а анализ проводился после каждой таблицы.

Keywords: strategy, business, digital development, regional economy, finance, investment, innovation, bank, progress, deposit, dynamics, analysis, analytical indicators, money

Annotation: The purpose of the research work is to determine the importance of small and medium-sized businesses in ensuring the sustainable development of the national economy. In the research work, much attention is paid to the importance of small business and the dynamics of changes in the main indicators of the national economy and the CIS countries in the last 3 years. Analytical indicators - deviation and growth indicators were used to evaluate the change quantitatively. For comparison purposes, graphical representation using data from each year was used and analysis was performed after each table.

Қазақстан экономикасын дамытуда шағын кәсіпкерліктің маңыздылығы мен рөліне ерекше орын беріледі. Қазақстан-2050 даму стратегиясында шағын кәсіпкерлікті қолдау нәтижесінде, 2030 жылы бүгінгі күнмен салыстырғанда екі есеге арту керек деп болжанған. Берілген экономикалық даму бағытындағы мақсатқа қол жеткізу үшін, отандық өндірісті жан жақты цифрлық дамытудағы қолдау тетіктерін анықтап, олардың мүдделерін қорғау қажет. Бүгінгі күнгі басты міндет шағын кәсіпкерлік пен дара кәсіпкерліктің орта кәсіпкерлікке айналуына мүмкіндік беру. Мемлекеттің шағын кәсіпкерлік цифрлық дамуын қолдау тиімділігі халықты жұмыспен қамтуда, цифрлық экономиканы дамыту, макроэкономикалық көрсеткіштерді арттыруда, өндірістегі инновацияны қалыптастырудағы негізгі күш болып табылатындығы дәлелденген. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік экономикада шағын кәсіпкерліктің маңызы зор. Шетелдердің экономикасында шағын кәсіпкерлік экономикалық өсу қарқынын 2/3 бөлігін қамтамасыз етеді, жаңа жұмыс орындарының ашылуының басты тетігі болып табылады. Экономикада кәсіпкерлік арқылы жұмыспен қамтылған халықтың ЖҮӨ-нің құрамындағы үлес салмағының артуы , тұрақты даму белгісі болып табылады. Сонымен қатар, өндірістегі инновациялық даму серпінін туғыза отырып, нарықтағы жаңа тауарлар мен қызметтердің қалыптасуына негіз болады. Қазіргі кезде, статистикалық мәліметтер көрсеткендей, экономикадағы көптеген мәселелер мен кедергілерге қарамастан, ұлттық экономикадағы шағын кәсіпкерліктің цифрлық дамуы айтарлықтай зор үлесін қосып отыр. Отандық экономиканы реформалаудың келешегі, көп жағдайда шағын кәсіпкерлік әлеуетін тиімді пайдалана отырып, басқару тиімділігіне тікелей байланысты.

Бүгінгі күні халықаралық сараптамалық агенттіктер зерттеуі көрсеткендей отандық кәсіпкерліктің дамуы үшін электронды үкімет негізінде қолайлы жағдай жасалған. Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламалары ішінде барынша аз дамыған экономикалық құрал активтерге инвестиция болып отыр, зерттеу нәтижесі көрсеткендей бұл бағыттағы шаралар кәсіпкерліктің жаңа қарқынды дамуына ықпал етеді. Осыны ескере отырып, Бизнестің жол картасы 2025 бағдарламасы негізінде берілетін гранттық қаржыландыру бағытына жаңа өзгерістер енгізілді. Ол кәсіпкерлікті дамыту тиімділігін арттыру үшін берілетін қаражаттың инвестициялық бағыты айналым активтерін толтыра отырып, дайын өнім өндірісін қалыптастыру қажеттілігін басты

орынға қойды, басты міндетті атқарушы мемлекеттік орган ретінде жергілікті әкімдіктер қызмет атқарады. Кәсіпкерлікке қоғам талаптарының өзгеруі арқылы, жаңа бағытта дамуға жол ашты. Сондықтан, мазмұны мен маңыздылығын толық нақтылау үшін кәсіпкерліктің аймақтағы орналасу ерекшелігінің заманауи бейнесін қалыптастырған тарихи маңызды тұжырымдамалармен ғылыми зерттеулерді қарастырайық. Аймақтық экономика кәсіпкерліктің дамуында ерекше орын алады. Аймақтың экономикалық саясатының қалыптасуы XVII-XX ғасырларда шетелдегі экономикалық география орналасуына қарай, ғылыми тұжырымдамалық негізге ие болды. Өндірістің техникалық дамуы мен еңбек күштерінің терең бөлінісі орналасу пунктерінің ерекшелігіне байланысты қарастырылады. Дамыған елдерде кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру тиімділігін арттыру мақсатында, инфрақұрылымдық қаржылық мәселелерді шешу бойынша арнайы құрылған қоғамдық ұйымдармен жалпылама сипатқа негіздей отырып мемлекеттік бағдарламалардың басым бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Шағын кәсіпкерліктің даму қарқыны бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы негізінде анықталады. Бұл мемлекеттер арасындағы шағын кәсіпкерлікті даму бағытындағы ұстанған саясаттың бәсекеге қабілеттегі бейнелейді.

Кесте 1 Шет мемлекеттердегі шағын кәсіпкерлікті дамыту негізінде бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы (АҚШ долларымен)

Мемлекет	2020	2021	2022	2020/2021	2021/2022
Қазақстан	1 542	1 564	1 789	1,43%	14,39%
Австралия	4 607	4 715	4 668	2,34%	-1,00%
Австрия	4 727	4 734	4 845	0,15%	2,34%
Бельгия	4 843	4 713	4 967	-2,68%	5,39%
Ұлыбритания	4 064	4 060	4 310	-0,10%	6,16%
Мажар Респ	2 120	2 156	2 185	1,70%	1,35%
Германия	4 702	4 668	4 722	-0,72%	1,16%
Грекия	2 097	2 104	2 162	0,33%	2,76%
Дания	4 975	5 035	5 171	1,21%	2,70%
Ирландия	4 173	4 199	4 363	0,62%	3,91%
Испания	3 279	3 160	3 290	-3,63%	4,11%
Италия	3 423	3 224	3 453	-5,81%	7,10%
Канада	4 557	4 688	4 525	2,87%	-3,48%
Корей Респ	3 700	3 712	3 734	0,32%	0,59%
Люксембург	5 895	5 893	6 275	-0,03%	6,48%
Нидерланды	4 973	5 090	5 145	2,35%	1,08%
Норвегия	4 753	4 754	4 423	0,02%	-6,96%
Польша	2 773	2 827	2 821	1,95%	-0,21%
Португалия	2 379	2 404	2 477	1,05%	3,04%
СловакияРесп	1 988	2 013	2 064	1,26%	2,53%
Словения	3 480	3 601	3 674	3,48%	2,03%
АҚШ	5 737	6 067	6 228	5,75%	2,65%
Финляндия	3 930	3 942	4 225	0,31%	7,18%
Франция	4 064	3 897	4 135	-4,11%	6,11%
ЧехРесп	2 593	2 566	2 644	-1,04%	3,04%
Швейцария	5 587	5 503	5 810	-1,50%	5,58%
Швеция	3 968	4 017	4 152	1,23%	3,36%
Эстония	2 537	2 688	2 780	5,95%	3,42%
Жапония	3 201	3 183	3 404	-0,56%	6,94%

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [4, с. 10-38]

Европа мемлекеттері арасында Германия, Испания, Италияда 2019, 2020 жылдары табыстың коронавирустық дағдарыс негізінде күрт төмендегенін байқауға болады. Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті тұрақты қолдау мемлекеттік саясаты негізінде қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы өсу қарқынын көрсетіп отыр.

Европа мемлекеттеріндегі шағын кәсіпкерліктің цифрлық дамуы АҚШ экономикасының

дамуына тікелей ықпал етеді, оған негіз болатын мемлекет аралық өзара ынтымақтастық саясаты. Кәсіпкерліктің дамуына белсенді мемлекеттік қолдау көрсету арқылы, шағын кәсіпкерлік ұлттық ЕАС бағдарламасын жүзеге асырумен ұштастыра отырып, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын 1,72 миллионнан 3,25 миллионға дейін арттыру мүмкіндік берді. Бұл бағытта олардың жалпы экономикадағы үлесі, жұмыспен қамтылғандар санына шаққанда 7,2%-дан 11,7%-ға өсті [4].

Ирландия мен Германияда жаппай кәсіпкерлікпен өзін-өзі жұмыспен қамтуды дамыту мемлекеттік бағдарламасына қатысуға үміткер болуы үшін, әлеуметтік сақтандыру немесе жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуы керек [4]. Шағын кәсіпкерлікті қолдау саясатының бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысына әсер ету көрсеткіші, мемлекеттің ұстанып отырған саяси бағытының тиімділігін бейнелейді.


ТМД мемлекеттері арасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту негізінде бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы келесі кестеде қарастырамыз.

Кесте 2 - Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдеріндегі шағын кәсіпкерлікті дамыту негізінде бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы АҚШ долларымен

	2020	2021	2022	2020/ 2021	2021/ 2022
Қазақстан	488	498	588	2,05%	18,07%
Әзірбайжан	373	416	431	11,53%	3,61%
Армения	380	388	405	2,11%	4,38%
Беларусь	523	510	569	-2,49%	11,57%
Қырғызстан	246	245	228	-0,41%	-6,94%
Молдова	419	459	516	9,55%	12,42%
Ресей	733	712	777	-2,86%	9,13%
Тәжікстан	140	135	136	-3,57%	0,74%
Украина	409	432	514	5,62%	18,98%

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [4, с. 10-38]

ТМД мемлекеттері арасындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту негізінде бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының төмен көрсеткіші Қырғызстан, Беларусь, Тәжікстан мемлекеттері болып отыр. ТМД мемлекеттері арасында, шағын кәсіпкерлік цифрлық дамыту негізіндегі қалыптасқан орташа жалақы көрсеткіші әлі де болса, әлемдік өндірісі дамыған мемлекеттерден төмен болып отыр. Бұл мемлекеттік бюджеттегі міндетті әлеуметтік аударымдар көлемінің тұрақсыздығын байқатып отыр. Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің кәсіпкердің әлеуметтік міндетті төлемдері негізінде тұрақты айналымда болмауы, халықтың әлеуметтік жағдайының тұрақсыздығына әкеледі. Шағын кәсіпкерлікті цифрлық дамыту негізінде, Қазақстанда халықтың минималды табыс көлемі 2017 жылы 24459 тг болса, кедейшілік көрсеткіші 9784 тг құраған. Келесі суретте шағын кәсіпорындардың негізгі көрсеткіштері берілген.



Сурет 1.2016-2021 жыл аралығындағы ШОК саны

Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [4]

Суреттен байқағанымыздай 2021 жылы 63,40% құрап алдыңғы 2020 жылы 63,20% көрсетті, бұл ШОК субъектілерінің әліде болса жалпы жеке кәсіпкерлер санына қарағанда айтарлықтай өсу қарқынының жоғарыламағандығын көрсетіп отыр, ал 2019 жылы жеке кәсіпкерлердің жалпы тіркелгендер санының 64,30% құрап, алдыңғы көрсеткіш 2018 жылы 65,20% сәл төмендегенін байқатқан. Сонымен қатар, көптеген шетелдік зерттеулер елдің инновациялық даму деңгейіне әсер ететін негізгі фактор шағын кәсіпкерлік деп танылған. Кәсіпкерліктің даму қарқыны арқылы, нарықтағы жаңашылық пен тұтынушының тез бейімделу қасиеттерін қалыптасады деген тұжырымдаманы қалыптастырды. Эрджис пен Уналан (2016) Түркия мен Оңтүстік Кореяның инновациялық дамуын зерттеу жүргізді. Ол 2007 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңді қамтитын, халықаралық ГИ есептерін қолдана отырып. Олар экономиканың инновациялық әлеуетіне жалпы ішкі өнім сияқты факторлар әсер етеді деп таныды. Шетелдік мемлекеттердегі шағын кәсіпкерлікті даму бағыттарын қарастыра отырып, келесі басымдықтарды анықтады. Ұлттық экономикадағы шағын кәсіпкерлікті дамуға осы бағыттар тәжірибесін қарастыруды қажеттелегі маңызды. Шетелдік шағын кәсіпкерліктің дамуы негізінде экономикалық табыстылыққа жеткен мемлекеттер тәжірибесін талдай отырып, басым бағыттарды келесі кестеде көруге болады.

Кесте 3 - Шағын кәсіпкерлікті дамытудағы басым бағыттар

Кәсіпкерлік бағыттар	Мемлекеттер				Отандық шағын кәсіпкерлікті дамытудағы басымдылық
Аймақтық дамуға кәсіпкерлік салалық басым бағыты	Германия	Италия	Ұлыбритания	Дания	Жетілдіруді талап етеді
Қаржылық ресурстарға қол жетімділік жоғары		Қытай	Германия	АҚШ	Жүйелі дамыту
Арнайы құрылымдық бағыттар комитеттер	Ұлыбритания	Франция	АҚШ		ӘКК қызметін арттыру
Адам ресурстарының интеллектуалды дамытудағы басымдылық	Япония	Оңтүстік Корея	Сингапур	Молдвия	Орта және жоғарғы білім орындарында арнайы бағдарламалар
Кәсіпкерлікті ұлттық стратегиялық жоспар негізінде дамыту	Оңтүстік Корея	Сингапур	Молдвия	Қытай	Мемлекеттік деңгейде бекіту
Әкімшіліктік реттеу, мақсатты нәтижеге негізделген заң	Қытай	АҚШ	Оңтүстік Корея	Сингапур	Басқарудың барлық буындарында қамту
Шағын кәсіпкерліктің инновациялық белсенділігін арттыру	Оңтүстік Корея	Түркия	Германия	Израиль	Адам ресурсының дамуын ұлттық тұжырымдамасы негізінде қарастыру
Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру	АҚШ	Оңтүстік Корея	Жапония	Сингапур	Тұрақты жұмыс орыны мен әлеуметтік аударымдар
<i>Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [4, с. 10-38]</i>					

Ал кейбір кәсіпкерлік салаларына тоқырау сипатының бар екендігін атап өтуге болады. Отандық экономикада жүзеге асырылып жатқан өңірдегі кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар болуына қарамастан, аймақтағы белсенді бизнес субъектілер санының өсу қарқыны жеткіліксіз болып отыр. «Бизнестің жол картасы 2020», «Еңбек 2021», «Ауыл шаруашылық» бағдарламалары айтарлықтай жоғары даму көрсеткішін бермеді. Басты міндеті, шағын кәсіпкерліктің стратегиялық цифрлық даму бағытын анықтау, жаңа кәсіпкерлік бағыттарын қалыптастыру. АҚШ, Канада, Австралия, Италия тәжірибесіне сәйкес, аймақтық ерекшелікті ескеретін, кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасын дайындау. Сонымен қатар аймақтық

бағдарламалардың атқарылу нәтижесін бақылайтын орталық органдардың қызметін бекіту [4]. Экономикалық әлеуетті арттырудың негізгі бағдарламалары ретінде, аймақтағы кәсіпкерлікті цифрлық дамытуға бағытталған бағдарламалар болып табылады. Себебі, бұл жұмыссыздық деңгейін төмендетіп, халықтың әл-ауқат деңгейін арттыра отырып, өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Осы кәсіпкерлік бағыттар кәсіпкерлік-бастамаларды дамытуды қолдау нүктелік сипатына ие және маңызды мультипликативтік әсері бар. Жүргізіліп жатқан мемлекеттік қолдаудан жаңа кәсіпкерлік даму саласы қалыптаспаған, өндірістік диверсификация төмен, аймақтың әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру нәтижесі көңілге қонарлықтай емес екенін байқауға болады. Шағын кәсіпкерліктің сандық және сапалық өсу қарқыны айтарлықтай төмен. Отандық шағын кәсіпкерлікті қарқынды цифрлық дамыту үшін, әр аймақтың әлеуметтік экономикалық ерекшелігін толық зерттеп, арнайы маманданған басқару ұйымын қалыптастыру қажет.

1. Шетелдік тәжірибені зерттей отырып, Қазақстан аймақтарындағы шағын кәсіпкерлікті цифрлық дамытудың стратегиялық іс-қимылдарын қалыптастыру керектігін анықтадық. Ол үшін, аймақтың экономикалық ерекшелігін ескере отырып, шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдауға бағытталған заңды нормативтік базаны жетілдіру керек. Сонымен қатар, берілген заңға сүйене отырып, әр аймақтағы кәсіпкерлікті дамытудың басым бағытын нақтылап, қаржылық қолдау тетіктерін бекіту қажет.

2. Географиялық орналасу мен халық санына, салт дәстүрі мен ұстанымдарына қарай азиялық алпауыт Оңтүстік Корея мен Сингапур, Молдоия, Түркия мемлекеттеріндегі кәсіпкерліктің қарқынды дамуына негіз болған қарапайым халыққа нақты көрсеткіштермен бекітілген ұлттық кәсіпкерлікті цифрлық дамытудың стратегиялық жоспарын өңдеу қажеттілігі анықталды.

3. Аймақтағы шағын кәсіпкерлікті цифрлық дамыту үшін, әр аймақтың территориялық орналасуы мен артықшылықтарын ескере отырып, арнайы преференциялар бекіту қажет. Ол: салықтық, бюджеттік, несиені кепілдендіру, жеңілдетілген қаржылық көмектер немесе негізгі активтерді жаңғырту. Берілген мақсатқа қол жеткізу үшін, шағын кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру қажет. Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау тетіктерін жүзеге асыратын Даму қорының қызмет бағытын қайта қарастыру, ЕДБ несие пайыздарын субсидиялау мөлшерін ұлғайту, ауыл шаруашылық секторындағы табиғи тәуекелі жоғары салаларды қаржыландыру тетіктерін оңтайландыру ұсынылады.

4. Жаһандық экономикалық өзгерістердің қарқынды цифрлық дамуы, шикізатқа бағытталған мемлекеттердің экономикалық саясатын қайта қарастыруды талап етіп отыр. Өндірістік технологиялары үздік дамыған мемлекеттер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, адам ресурстарының зияткерлік дамуына инвестициялық салым жоғары нәтиже беретіндігін көрсетіп отыр. Отандық экономикада, берілген тәжірибені бүгінгі күні тек НЗМ негізінде қолданып қана қоймай, жалпы орта мектептерді толық қамту қажеттілігін көрсетіп отыр. Адам ресурсының зияткерлік дамыту арқылы жас кәсіпкерлер арасындағы инновациялық белсенділігі қалыптасады. Отандық өндірістің инновациялық өңдеу мен өндіру сатыларын толық қамтуы, жас кәсіпкерлердің белсенділік деңгейімен тікелей байланысты. Бұл халықаралық экономикалық форум негізіндегі ұлттық экономиканың ГИІ көрсеткіштері бойынша бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

5. Әлемдік экономика тұрақты цифрлық даму тұжырымдамасы негізінде кәсіпкерлікті органикалық өндіріске бейімдеу бағытына бет алған. Үздік тәжірибелер қатарында Германия үкіметінің жаңадан ашылған кәсіпкер, тұрғылықты мекен жайында халықты жұмыспен қамту міндеттемесіне ие болады. Көршілес Өзбекстан мемлекетінде екінші деңгейдегі банктік несие алуда халықтың табысын қатаң қадағалау негізінде, кедейшілік шегін сақтап қалу саясатын жүзеге асырып отыр. Тұрақты даму тұжырымдамасы экономикалық дағдарыстың сипаты мен салдарына қарамастан кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілікке мән беру қажеттілігін көрсетеді. Ол халықтың минималды жалақымен қамтамасыз ете отырып, табысын арттыру жолдарын қарастыру мен қарыз жүктемесін бақылау. Мемлекеттегі орта тапты қалыптастырудың негізі жолы, жаппай шағын кәсіпкерлікті цифрлық даму. Экономикалық тұрақтылықпен әділетті табыс бөлінісі, кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігін арттырады. Халық табысының өсуі, сәйкесінше кәсіпкерлік белсенділікті арттырудағы тұтынушылық қабілетті қалыптастырады.

Қазіргі уақытта аймақтарға бөлініп отырған мемлекеттік қаржылай қолдаудың жеткіліксіздігі мен талаптардың жоғары болуы, цифрлық дамудағы мақсатты нәтижеге жетуге кедергі болып отыр. Бағдарлама негізінде мақсатты нәтижелердің сапалық көрсеткіштерге жету

қажеттілігі, болашақтағы жаңа даму бағыттарын жоспарлауға мүмкіндік береді. Берілген мәселелерді шешу мақсатында қазіргі қызмет жасап отырған, «Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» қызметін жаңғыру қажеттілігіне мән беріледі. Аймақтағы маманданған кәсіпкерлікті дамыту ұйымының қызмет бағытын, аймақтағы инфрақұрылымдық мәселелерді, өткізу мен логистика мәселелерін анықтап, нарықты сегменттеу мен жобаларды өтімділігін анықтау бойынша шараларды жүзеге асыруын ұсынамыз. «Әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» қызметін жаңғырту, Даму қорының қызметіне сәйкестендіріп, мемлекеттегі әлеуметтік экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Маманданған ұйымдардың басты міндеті кеңес беру, шағын кәсіпкерлікке бөлінген қаржылай көмектердің мақсатты қолдануы мен игерілу барысы жайлы есеп беру. Аймақтағы шағын кәсіпкерлік қызметін дамыту бағытында шетелдік үздік тәжірибесі бар ұйымдарды тарту мүмкіндігі бар. Ол ұлттық экономиканың даму ерекшелігі мен тұтынушылық қабілетін зерттеу арқылы, ұлттық кәсіпкерлікті дамыту стратегиясын жасауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев. Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства: псоалине народу Казахстана // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/>. 02.10.2016.
- 2 Кантильон Р. Эссе о природе торговли в общем плане // В кн.: Мировая экономическая мысль: сквозь призму веков: в 5 т. / пер. с фр. – М.: Мысль, 2004. – Т. 1. – С. 269-278.
- 3 Тюнен И. Изолированное государство. – М.: Экономическая жизнь, 1926. – 329 с.
- 4 ҚР шағын және орта кәсіпкерлік (ШОК) // <https://stat.gov.kz/>. 05.01.2023.
- 5 ДАМУ _ отчет МСП _ рус.pdf // damu.kz. 08.12.2021.

УДК 330.101

ECONOMY OF KNOWLEDGE AND TRANSFER OF INNOVATIONS: UKRAINE'S PROGRESS THROUGH THE LENS OF EUROPEAN DEVELOPMENT TRENDS

Halyna Makedon

Ph.D., Associate Professor, Separated Subdivision of National University of Life and Environmental Sciences of Ukraine «Nizhyn Agrotechnical Institute»

Nizhyn, Ukraine

E-mail: g.makedon@ukr.net

Аннотация Целью данной статьи является определение зависимости экономического развития от показателей, характеризующих потенциал экономики знаний и трансфера инноваций в стране. В исследовании основное внимание уделяется поиску способов оценки влияния потенциала научной и образовательной деятельности страны на инновационное развитие с использованием особенностей системы «бизнес-образование-наука» в сфере трансфера инноваций

Ключевые слова: инновации, трансфер, экономика, наука, исследования, инновационная политика, бизнес

Аннотация Бұл мақаланың мақсаты – елдегі инновациялар трансферті мен білім экономикасының әлеуетін сипаттайтын көрсеткіштерге экономикалық дамудың тәуелділігін анықтау. Зерттеу инновациялық трансферт саласындағы «бизнес-білім-ғылым» жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, еліміздің ғылыми және білім беру қызметінің әлеуетінің инновациялық дамуға әсерін бағалау жолдарын іздеуге бағытталған

Негізгі сөздер: инновация, трансфер, экономика, ғылым, зерттеу, инновациялық саясат, бизнес

Abstract This paper aims to determine the dependence of economic development on indicators characterizing the potential of a country's knowledge economy and transfer of innovations. The study focuses on finding ways to assess the impact of the potential of the country's scientific and educational activities on innovative development using the characteristics of the "business-education-science" system in the field of innovation transfer.

Keywords: innovation, transfer, economy, science, research, innovation policy, business